

Сценарий

Сценарист: Каратаева Аяулым

Бағыты: Еріктілік

Тақырыбы: Біз қасындамыз :айналадағы адамдар мен табиғатқа қамқорлық

Тақырыпша: Қоғам ұмытқан адамдар; Қарттар үйі

Ұзақтығы: 00:07:00

Жанр: документалды фильмнің элементтері қосылған драма

Басты сахналар	Кадрлар	Мағынасы
САХНА 1 Ана түсі мен естелігі	Сырт. Дала – Күндіз – ТҮС Кең жазық. Өзеннің сылдыры естіледі. Жас ана (25-30 жаста)өзеннің бойында отыр. Алыстан кішкентай қызы жүгіріп келеді. Анасы тізерлеп, қызын құшағына алады. Екеуі бірге жүгіріп, судың жанына келеді, шаштарын жел тербетеді. Анасының көзіне мұң ұялайды. Ол айналасына қарап, терең дем алады. Кенет бәрі баяулап, желдің дыбысы өшеді. Анасы селк етіп оянып кетеді.	Бұл сахна анамен баланың арасындағы тығыз байланысты, тәрбие мен махаббатты көрсетеді. Түс жылулыққа толы себебі анасы өз қызын қатты жақсы көреді бірақ сахнаның сонында анасы бұл түс екенің түсінеді.
САХНА 2 Қарт ананың өмірі	Іш. Үй – Таң Ескі үйдің ішінде сағаттың тықылы анық естіледі. Қарт ана (60+) жалғыз оянды, сцена төмбенің үстіндегі қызымен түскен фотосы мен дәрі дәрмектер мен сағат көрсетіледі. Сөреден ескі фотоальбомды алып, ашып қарайды. Кадрда: қызының бала кезіндегі суреттері, отбасының қуанышты сәттері.	Ана кәрі адамның кейіпінде кенеттен тұрып , бұл жай ғана түс пен иллюзия болғанын түсінеді. Тыныштық пен тек сағаттың жүргені жалғыздық пен уақыттың өтіп жатқанын білдіреді. Ескі альбомдарды қарау өз жақындарын және өсіп кеткен қызын сағынуды білдіреді. Сол сәтте көңілді болып қалады, яғни осы сахнада мен ананың қалай қатты сағынышы мен тек естеліктерде ғана бақытты болатынын көрсеткім келді.

	Ана телефонын алып, нөмір тереді. Ұялы телефон экранында: “Қызым”. Бірнеше қоңырау... Жауап жоқ.	төмбенің үстіндегі қызымен түскен фотосы мен дәрі дәрмектер кәзіргі жағдайын көрсетеді. Яғни ден-саулығы жоқ. Қызының қоңырауды алмағаны ата-анаға көңіл аудармау мәселесін көтереді.
САХНА 3 Өскен қыздың көрінісі	Іш. Кеңсе – Кешке таяу Қызы (30+) үстел басында, телефон қоңыраулары, қағаздар, Компьютер. Экранда – бірнеше алынбаған қоңыраулар “Мама”, бірақ ол байқамайды. Бастығы телефон шалады. БАСТЫҚ (телефон арқылы) Ертең қарттар үйі жайлы репортаж түсіресін, ертең күтемін. Қыз терең күрсінеді.	Осы сахнада қыздың өсіп, кәзіргі таңның жұмыс істеу идеологиясын көрсетеді. Сонда ата-анаға көңіл бөлмеу, мүмкін, жеке кесірден болмайтын шығар? Деген ой шығады. Бұл сахнада осы мәселенің тек жеке кесірден болмайтынын, оған басқа күрделі және жауапкершілігі көп жұмыстың кесірінен осы мәселе туындауынан болатынын көрсеттім.
САХНА 4 Қарттар үйінің шындығы	Сырт/Іш. Қарттар үйі – Күндіз/ жанбырдаң кейін Қыз ғимарат алдында. Кадр кеннеттен қарттар үйінің ішіне ауысады. Сұхбаттар: үш қарт адам, бір медбике. Камера бөлмелерді, арбадағы адамдарды, бос дәліздерді көрсетеді. ҚАРТ АДАМ (күліп, бірақ мұңмен) Қыздың жүзінде ауыр ой пайда болады. Қарт адамдар ауысып, өз өмір баяндарын айтады: өмірлік баяндамасын, кім болғанын, сезімдерін,	Ең маңызды сахна. Мен ауа-райын көңіл-күй көрсеткіші ретінде көрсеттім . Бұлтты жәнеде жамбырлы күн бұл жердің басты күйін көрсетеді. Тақырыпты толықтай ашу үшін сол қарттар үйіндегі тұрғындардан сұхбат алдым, Солай бұл мәселенің себептері мен салдарының шығуын көрсеттім. Журналисттің түрі осы тақырыптың мәселеге ауысуын көрсетеді. Осы сахнада түрлі өмір оқиғаларды алу себебім осы мәселеге әр адамның түсуіне мүмкін болуын көрсеткім келді.

	сағынышын жәнеде осы жерге қалай түскендерін айтады. Сонында журналист өз ойында осы тақырыпты ешкім қозғамайтынын түсіне бастады.	
САХНА 5 Қарттың пансионатқа тапсырылуы	Сырт. Қарттар үйінің ауласы – Күндіз Қыз есіктен шығып келеді. Терең дем алады. Сол сәтте ер адам жүк көлігінен қарт әкесін түсіріп, жалғыз тастап кетеді. Қыздың жүзі күрт өзгереді – ашу, мұң, түсінбеу. Қарт адам баласымен көлікті көзімен шығарып салып , сөмкесімен қарттар үйі жағына аттанады.	Осы сахнада мәселенің басты әрекетін көрсеткім келді. Яғни оның кәзіргі кездегі өзектілігі мен күрделілігі. Бұл сахна мұнды мелодиямен жалғасуының себебі сол мәселенің жағдайын көрсету болып табылады.
САХНА 6 Журналисттің көзінің ашылуы	Кеңсе іш. – Түн Қыз репортаж қорытындысын жазып отыр. Кадрда қарттардың сөздері, бос бөлмелер, қарттар үйіндегі сценалар алдынан өтуде. Кенет кадр ауысады – қыз түнде лавочкада отыр, көше бойымен жүріп бүкіл ойларынан қашады.	Осы сахнада көрермен журналисттің орнында болып осы мәселенің шын бейнесін көріп, осы тақырыпты сирек қозғайтының түсінеді. Осы сахна көз ашатын басты сахна.
САХНА 7 Өз анасына оралуы	Сырт. Анасының үйі – кешке. Қыз есік алдында. Терең дем алып, қақпақшы болады, бірақ тоқтайды. Қорқыныш пен ұят сезімі. Бірақ бүкіл күшін жинап есікті қағады. Есік кенет ашылады – анасы тұр. Екеуі үнсіз бірақ	Қыздың есік қағуға қорқуы оның кәрі анасының алдындағы кінәсін түсінуінен жәнеде анасының қандай күйде қарсы алуының білмеуінің көрсетеді. Осы сахна арқылы мен осы мәселені шешуге болатыны көрсеткім келді.

	көңілдене бір-біріне қарайды.	
САХНА 8 Соңында анасымен қызының қайта қосылуы	Сырт. Өзен жағасы – Кешке-соңғы сахна. Алдыңғы түстегідей: анасы өзеннің жанында. Қызы асықпай келеді. Олар құшақтасады. Баяу музыка. КАРТИНА ҚАРАЯДЫ. Титрлар: “Олар біз үшін өмірін арнады, болашағымыздың кірпішін қалады. Бірақ уақыттың үнсіздігіне олардың үні естілмей қалды. Ұмытпаңыз — әр қарт жан жалғыздыққа лайық емес.”	Қиын болсада әрекет жасасаң, соңында бәрі шешіледі. Осы сахнаның мағынасы ана мен баланың қайта қосылуымен бітеді жәнеде соңындағы сөздер әр адамға бұл мәселенің шешуі бола алады.